«Ер Төстік» бөбекжайы КМҚК

# ШЫНДЫҚ, АДАЛДЫҚ ДЕГЕН НЕ ?




Балқаш қаласы

**Білім беру саласы**: Әлеуметтік
**Тақырыбы**: «Шындық, адалдық деген не?» әңгімелесу
**Мақсаты**: «Шындық», «Адалдық» ұғымының адамгершілік құндылығы ретінде маңыздылығын ашу. Шындық пен өтірікті ажырата біруге үйрету, балалардың бойындағы жақсы қасиеттерді және өзара адал қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Шыншыл, адал болуға бір бірін құрметтеуге тәрбиелеу.
**Әдіс-тәсілдер**: әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын
**ҰОІӘ барысы**:
1. Жағымды күйге келу (шаттық шеңбері)
Д.Қанатбаев «Күлімде күн, күлімде»
2. Әңгімелесу:
- Балалар, «шындық», «адалдық» дегенді қалай түсінесіңдер?
- Шыншыл, адал бала қандай болады?
- Шыншылдық- ол адалдықты, әділдікті білдіретін адамның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі. Осы қасиеттер жүрегіміз арқылы беріледі. Шыншыл адамның жүрегі жылы, мейірімді болады. Біз бір-бірімізге өтірік айтпауға, ешкімді алдамауға, тек шын сөйлеуге, шыншыл, әділ болуға үйренеміз.
3. Мақал-мәтелдер:
«Шыншыл бала- батыл бала»,
«Шындықтың шырағы сөнбейді»
«Ақ пен қараны шындық айырар»
«Ала жіпті аттамағанның абыройы биік»
«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»
«Өтірік өрге баспайды»
- Адам өтірік айтқанда өтірігін біреу біліп қояма деп қиналады. Шындық ашылып қала ма деп сезіктенеді. Расында, өтірік ұзаққа бармайды, шындық қашанда жеңіп шығады да, өтірік айтқан адам ұятқа қалады. Ал шындықты айтқан адамның жүрегі ауырмайды, қашанда жарқын, адамдар арасында сыйлы болады. Сондықтан да дана халық «Өтірік өрге баспайды», -деп өсиет қалдырған
4. Ойын «Шыншылдық жүрекшесі». Балалар шеңберге тұрып, түрлі-түсті шаршылардың біреуін алады. Тәрбиеші балалардың санына сәйкес тор көзге бөлініп қиылған «шыншылдық жүрекшесін» бір балаға табыстайды. Жүрекшені алған бала өзінің әділдікпен адал жасаған жақсы әрекетін айтып, түсті шаршысын тор көзге жапсырады. Осылай жүрекше шеңбер бойымен әрі қарай беріледі. Ойын соңында топта «шыншылдық жүрекшесі» пайда болады.
5. «Түлкі мен ешкі» ертегісін мәнерлеп оқып беру, сурет бойынша мазмұндау, сұрақтарға жауап беру.
6. Қорытынды
Жүректен- жүрекке
- Біз бүгінгі оқу іс-әрекетте өтірік пен шындық жайлы білдік. Өтіріктің жаман қасиет екенін, одан аулақ болуды, өтірікші баланы ешкім де жақсы көрмейтінін білдік. Шындықтың ең жақсы қасиет екенін түсіндік.
- «Шындық шыңында» от лаулап мәңгі жаып тұрады, өйткені ол- шындық. Шындық оты біздің де жүрегімізде лаулап тұр. Қанекей, шеңбер құрып тұрып,

қолдарымызды көтерейік те

Кел, балалар, күлейік!
Күлкіменен түлейік!
Күлкі- көңіл ажары!
Күліп өмір сүрейік!







